

Адвокаттарды аттестаттаудан өткізу тәртібі туралы

Ереже

(2022 жылғы 22 қарашада адвокаттар алқаларының Республикалық конференциясы шешіммен енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен)

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Адвокаттарды аттестаттаудан өткізу тәртібі туралы Ереже (бұдан әрі – Ереже) «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» Қазақстан Республикасы Заңы 67 бабының 2-тармағы 9) тармақшасына сәйкес әзірленді және облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың адвокаттар алқаларының мүшелері болып табылатын (бұдан әрі – Адвокаттар алқасы) адвокаттарды аттестаттаудан өткізуді ұйымдастыру және жүргізу тәртібін регламенттейді.

2022 жылғы 22 қарашадағы адвокаттар алқаларының республикалық конференциясының шешімімен Ереженің 1-тармағына өзгерістер енгізілді

Адвокаттарды аттестаттау олардың кәсіби білімдерінің, құқықтық мәдениетінің деңгейін, кәсіптік әдебі нормаларын сақтауын және адвокаттық қызметпен айналысатын тұлғаларға қойылатын талаптарға сәйкестігін анықтау мақсатында өткізіледі.

2. Адвокаттар кезекті аттестаттаудан әр бес жылда өтеді.

3. Прокуратура және тергеу органдарынан босатылған прокурор немесе тергеуші лауазымында кемінде он жыл жұмыс өтілі болған және адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензияны емтихан тапсырмай алған тұлғалар аттестаттаудан Адвокаттар алқасына кірген күнінен бастап бір жыл өткен соң өтеді.

Жүктілікке және босануға немесе жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға, немесе бала үш жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты демалыста болған адвокаттар аттестаттаудан адвокаттық қызметті қайта жалғастырған күнінен бастап бір жыл өткен соң өтеді.

Республикалық адвокаттар алқасының басқарушы лауазымдарына сайланған адвокаттар кезекті аттестаттаудан лауазымдық өкілеттіктерін тоқтатқан күнінен бастап бір жыл өткен соң өтеді.

4. Адвокаттар қайта аттестаттаудан:

1) кезекті аттестаттауда анықталған кемшіліктерді адвокатқа жою міндетін жүктеп, бір жылдан кейін қайта аттестаттаудан өту жөнінде шартты аттестаттау туралы Аттестаттау комиссиясының шешімі бойынша;

2) аттестатталмаған немесе шартты түрде аттестатталған адвокаттың арызын қанағаттандыру туралы заңды күшіне енген сот шешімі бойынша.

5. Кезектен тыс аттестаттау Адвокаттар алқасы төралқасының шешімі бойынша жеке немесе заңды тұлғаның өтініші, соттың жеке қаулысы немесе жеке ұйғарымы, тергеу, анықтау немесе прокуратура органының, не әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға уәкілеттік берілген органның (лауазымды адамның) ұсынысын қарау нәтижесінде адвокаттың біліктілігінің жеткіліксіздігі туралы фактілері анықталған жағдайда өткізіледі.

2-тарау. Аттестаттау комиссиясы

6. Аттестаттауды Адвокаттар алқасының жалпы жиналысымен (конференциясымен) төрт жыл мерзімге сайланатын және тұрақты негізде жұмыс істейтін Аттестаттау комиссиясы өткізеді.

Аттестаттау комиссиясының сандық құрамын Адвокаттар алқасының жалпы жиналысы (конференциясы) бекітеді.

7. Аттестаттау комиссиясының мүшелігіне кандидаттар адвокаттық қызмет өтілі он жылдан кем емес, тәжірибелі және білікті адвокаттар арасынан ұсынылады.

8. Аттестаттау комиссиясының төрағасы Адвокаттар алқасының жалпы жиналысында (конференциясында) сайланады.

Төраға орынбасарын қажет болған жағдайда, сондай-ақ Аттестаттау комиссиясының хатшысын Аттестаттау комиссиясының мүшелері оның құрамынан сайлайды.

9. Аттестаттау комиссиясының төрағасы Аттестаттау комиссиясының қызметіне басшылық жасайды.

Аттестаттау комиссиясының төрағасы болмаған жағдайда оның міндеттерін оның орынбасары немесе Аттестаттау комиссиясы мүшелерінің бірі орындайды.

10. Аттестаттау комиссиясы, егер оның жұмысына оның құрамының кемінде үштен екісі қатысса, заңды болып саналады.

11. Аттестаттау комиссиясы өз қызметінде алқалылық, аттестаттауды өткізуде және адвокаттың кәсіби қасиеттерін бағалауда әділдікпринциптерін басшылыққа алады.

3-тарау. Аттестаттауды өткізуді ұйымдастыру

12. Аттестаттауға жататын адвокаттар есебін Адвокаттар алқасының төралқасы жүргізеді.

13. Аттестаттауды өткізу және адвокаттардың Аттестаттау комиссиясына аттестаттау материалдарын ұсыну мерзімін Адвокаттар алқасының төралқасы белгілейді.

14. Аттестаттау материалы келесі құжаттарды қамтуы тиіс:

1) осы Ереженің 1-3-қосымшаларына сәйкес нысандар бойынша толтырылған аттестаттау парағы;

2) аттесталатын мерзімдегі адвокаттың статистикалық есептері;

3) адвокаттың қызметін сипаттайтын материалдар:

адвокат жасаған процессуалдық құжаттардың көшірмелері, сот жарыссөздерінде сөйлеген сөздерінің мәтіндері, адвокаттың қалауы бойыншанақты істер бойынша бақылау іс-жүргізулер;

арнайы әдебиет және бұқаралық ақпарат құралдарындағы басылымдар;

кәсіби қызметі үшін мадақтау құжаттар;

адвокаттың біліктілігін арттырғанын растайтын құжаттар;

адвокаттың пікірі бойынша аттестаттау нәтижесіне ықпал ететін басқа мәліметтер.

15. Қайта аттестаттаудан өтуге жататын адвокатқа қатысты аттестаттау материалына алдыңғы аттестаттау бойынша Аттестаттау комиссиясының шешімі бар аттестаттау парағы тіркеледі.

16. Адвокаттың аттестаттау материалын дәлелсіз себептермен белгіленген мерзімде тапсырмауыоны аттестатталмады деп тану туралы Аттестаттау комиссиясының шешім шығаруына негіз болып табылады.

17. Аттестатталатын адвокаттардың аттестаттау парақтарын Адвокаттар алқасы төралқасының басшылығы, заң консультацияларының меңгерушілері, адвокаттық кеңселердің басшылары және осыған уәкілетті өзге де тұлғалар құрастырады.

18. Адвокат аттестаттау басталғанға дейін кемінде бір ай бұрын аттестаттау парағымен танысуы тиіс және олардың мазмұны және қорытындыларымен келісетіндігін немесе келіспейтіндігін жазбаша түрде білдіруге құқылы.

4-тарау. Аттестаттауды өткізу тәртібі

19. Аттестаттау адвокаттың таңдауы бойынша аттестаттау парағында көрсетілген мемлекеттік немесе орыс тілінде өткізіледі.

20. Аттестаттау комиссиясының отырысына аттестаттаудан өтетін адвокаттың келуі міндетті.

Аттестаттаудың күні, уақыты және өтетін орны туралы тиісті түрде хабарланған адвокат дәлелсіз себептермен аттестаттауға келмей қалған және оның тарапынан қандай да бір жазбаша өтініш болмаған жағдайларда, Аттестаттау комиссиясы адвокатты аттестатталмады деп танып, ол туралы шешім шығарады.

21. Аттестаттауға дәлелді себептермен келмеген адвокатоған Аттестаттау комиссиясы белгілеген күні жіберіледі.

22. Аттестаттау әңгімелесу нысанында өткізіледі. Әңгімелесу барысында адвокатқа ол ұсынған аттестаттау материалы бойынша сұрақтар қойылады.

Аттестаттау комиссиясы аттестаттау материалын тексеру және әңгімелесу нәтижесінде адвокаттың біліктілігінің жеткіліксіздігін анықтаған жағдайда, адвокаттың жазбаша нысанда немесе компьютерлік бағдарламаны қолдану арқылы тестілеуден өтуі туралы шешім қабылдайды.

23. Аттестаттаудан өту кезінде адвокаттың жазбаларды, ақпараттық, арнайы немесе өзге де әдебиетті, мобильді және өзге байланыс құралдарын қолдануына тыйым салынады.

Адвокат осы тармақпен бегіленген аттестаттаудан өту тәртібін бұзған жағдайда, Аттестаттау комиссиясы осы Ереженің 4-қосымшасына сәйкес нысан бойынша акті жасайды.

Аттестаттаудан өту тәртібін бұзған адвокатты Аттестаттау комиссиясы аттестатталмады деп танып, бұл туралы шешім қабылдайды.

24. Тестілеу сұрақтарының тізбесін Республикалық адвокаттар алқасының төралқасы бекітеді.

Сұрақтардың мазмұны білікті заң көмегін көрсету үшін білуге қажетті жалпы заң нормаларын және адвокаттық қызмет туралы заңнаманың нормаларын қамтиды.

Адвокаттар алқасының төралқасы Республикалық адвокаттар алқасы төралқасы бекіткен сұрақтар тізбесінің ішінен кемінде үш нұсқада тест әзірлейді және бекітеді.

Аттестатталатын адвокатқа алпыс сұрақтан тұратын және біреуі дұрыс болып табылатын тесттің үш нұсқасы ұсынылады. Тестілеу уақыты алпыс минутты құрайды.

25. Адвокаттың қолы қойылған тестілеу нәтижелерінің парағы Аттестаттау комиссиясына ұсынылады, оның көшірмесі адвокатқа беріледі.

Тестілеудің дұрыс жауаптарын есептеуді жазбаша тестілеу нәтижесі бойынша Аттестаттау комиссиясының мүшелері жүргізеді, ал компьютерлік тестілеу нәтижесі қолданылатын компьютерлік бағдарламаның көмегімен автоматты түрде жүргізіледі.

26. Егер дұрыс жауаптар саны ұсынылған сұрақтардың жалпы санынан 45 және одан да жоғарыны құраса, адвокат аттестаттаудан өтті деп саналады.

Егер дұрыс жауаптар саны 42-ден 44-ке дейінгіні құраса, адвокат аттестаттаудан шартты түрде өтті деп саналады.

Егер дұрыс жауаптар саны ұсынылған сұрақтардың жалпы санынан 42-ден азды құраса, адвокат аттестаттаудан өтпеді деп танылады.

5-тарау. Аттестаттау комиссиясының шешімі

27. Аттестаттаудың нәтижесі бойынша Аттестаттау комиссиясы мына шешімдердің бірін қабылдайды:

1) аттестатталды;

2) орын алған кемшіліктерді жою және бір жылдан кейін қайта аттестаттау міндетін жүктеу арқылы шартты түрде аттестатталды;

3) аттестатталмады.

Аттестаттау комиссиясы шартты түрде аттестатталған адвокатқа, кәсіби біліктілігін арттыру мақсатында өздігінен не Республикалық адвокаттар алқасының төралқасы бекіткен бағдарлама бойынша оқудан өтуді ұсынуға құқылы.

28. Шартты түрде аттестатталған адвокат Аттестаттау комиссиясы анықтаған кемшіліктерді бір жылдың ішінде жоймаса немесе Аттестаттау комиссиясының ұсыныстарын орындамаса, қайта аттестаттау кезінде оған қатысты «аттестатталмады» деген шешім шығарылады.

29. Аттестаттау комиссиясының шешімі оның мүшелерінің ашық жай көпшілік дауысымен қабылданады және адвокатқа ол қабылданған соң тікелей жария етіледі.

30. Аттестаттау комиссиясының жұмысы Аттестаттау комиссиясының төрағасы мен мүшелерінің қолы қойылатын хаттамада көрсетіледі.

Аттестаттау комиссиясы отырысының хаттамасы Адвокаттар алқасы төралқасында бес жыл бойы сақталады.

31. Аттестаттау комиссиясының шешіміне сотқа шағым жасалуы мүмкін.

32. Аттестаттау комиссиясы «аттестатталмады» деген шешім қабылдаған адвокат «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 60-бабы 1-тармағының 3) тармақшасында көзделген негіз бойынша Адвокаттар алқасынан шығарылуға жатады және оның адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензиясының қолданысын заңда көзделген тәртіпте тоқтату туралы лицензиарға өтініш жолданады.

2022 жылғы 22 қарашадағы адвокаттар алқаларының республикалық конференциясының шешімімен Ереженің 32-тармағына өзгерістер енгізілді

6-тарау. Қорытынды ережелер

33. Аттестаттау қорытындысы туралы Аттестаттау комиссиясы осы Ереженің 5-қосымшасына сәйкес нысан бойынша есеп жасайды. Есепке Аттестаттау комиссиясының төрағасы мен хатшысының қолдары қойылады және аттестаттау құжаттарымен бірге Адвокаттар алқасының төралқасына ұсынылады.

34. Аттестаттау комиссиясының есебін Адвокаттар алқасының төралқасы оның келіп түскен күнінен бастап бір айдан аспайтын мерзімде қарауға тиіс. Қарау нәтижесі бойынша Адвокаттар алқасының төралқасы адвокаттардың кәсіби деңгейін көтеру, адвокаттардың оң жұмыс тәжірибесін талдау және тарату жөнінде жұмысты ұйымдастыру бойынша шараларды қабылдайды.

35. Осы Ереже 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

_____ (адвокаттар алқасының атауы)

Заң консультациясы _____

АТТЕСТАТТАУ ПАРАҒЫ

1. Адвокат _____
аты-жөні

2. Туған күні айы, жылы _____

3. Туған жері _____

4. Жеке басын куәландыратын құжат _____
нөмірі, берілген күні, кім берген

5. Білімі _____

6. Мамандығы _____

7. Жалпы еңбек өтілі (*қай жылдан бастап, күні, айы*) _____

8. Заңгерлік өтілі (*қай жылдан бастап, күні, айы*) _____

9. Адвокаттық қызмет өтілі (*қай жылдан бастап, күні, айы*) _____

10. Адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензиясы (*нөмірі және берілген күні*) _____

11. Адвокаттар алқасына мүше болып кірген күні, айы, жылы _____

12. Үйінің адресі, телефонының нөмірі _____

13. Адвокаттың қысқаша мінездемесі _____

14. Бұқаралық ақпарат құралдарымен қарым-қатынастары, ғылыми, педагогикалық және қоғамдық-ағарту қызметі жөнінде мағлұматтар _____

15. Тәртіптік жауапкершілігі: негіздері мен түрлері _____

16. Берешегі:
бастапқы нысаналы жарна бойынша _____

сомасы мен мерзімі

ай сайынғы мүшелік жарна бойынша _____

сомасы мен мерзімі

17. Аттестаттау мерзімдегі көтермелеулер _____

18. Аттестаттау парағына тіркелген материалдар тізімі: _____

19. Қорытындылар: _____

20. Аттестаттау парағының мазмұнымен таныстым, аттестаттауды _____
тілінде өтуді қалаймын.

21. Аттестаттау парағының мазмұны және онда жазылған қорытындылар
жөніндегі адвокаттың пікірі _____

22. Аттестаттаудан өту нысанасы:
әңгімелесу _____
тестілеу _____

тестілеудің түрі

23. Дауыс беру нәтижелері:
«аттестатталды» _____

дауыс сандары

«шартты аттестатталды» _____

дауыс сандары

«аттестатталмады» _____

дауыс сандары

24. Аттестаттау комиссиясының шешімі

25. Аттестаттау комиссиясының ұсыныстары _____

Аттестаттау комиссиясының төрағасы _____

аты-жөні, қолы

Аттестаттау комиссиясының мүшелері

аты-жөні, қолдары

_____ (адвокаттар алқасының атауы)

Адвокат кеңсесі _____

АТТЕСТАТТАУ ПАРАҒЫ

1. Адвокат _____

аты-жөні

2. Туған күні, айы, жылы _____

3. Туған жері _____

4. Жеке басын куәландыратын құжат _____

_____ нөмірі, берілген күні, кім берген

5. Білімі _____

6. Мамандығы _____

7. Жалпы еңбек өтілі (*қай жылдан бастап, күні, айы*) _____

8. Заңгерлік өтілі (*қай жылдан бастап, күні, айы*) _____

9. Адвокаттық қызмет өтілі (*қай жылдан бастап, күні, айы*) _____

10. Адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензиясы (*нөмірі және берілген күні*) _____

11. Адвокаттар алқасына мүше болып кірген күні, айы, жылы _____

12. Үйінің адресі, телефонының нөмірі _____

13. Адвокаттың қысқаша мінездемесі _____

14. Бұқаралық ақпарат құралдарымен қарым-қатынастары, сондай-ақ ғылыми, педагогикалық және қоғамдық-ағарту қызметі жөнінде мағлұматтар _____

15. Алып тасталмаған тәртіптік жауапкершілігі: негіздері мен түрлері _____

16. Берешегі:

бастапқы нысаналы жарна бойынша _____

сомасы мен мерзімі

ай сайынғы мүшелік жарна бойынша _____

сомасы мен мерзімі

17. Аттестаттау мерзімдегі көтермелеулер _____

18. Адвокат кеңсесін тіркеу күні, айы, жылы _____
19. Адвокат кеңсесінің құрылтай құжаттарының, мөрлерінің, бұрыштамаларының, бланкілерінің және маңдайшасының Қазақстан Республикасының тіл туралы заңнамасына сәйкестігі _____
20. Құрылтайшысы болып табыла ма _____
21. Адвокат кеңсесінің заңды мекенжайы және (немесе) нақты мекенжайы, азаматтарды қабылдау және оның жұмыс орнының жағдайлары _____
22. Қаржы құжаттарының есепке алынуы _____
23. Қаржы құжаттарының есебін жүргізуге жауапты тұлға *(қажеттісінің астын сызу керек)*:
штаттық бухгалтер
келісім бойынша бухгалтер
құрылтайшының өзі немесе адвокаттардың бірі
24. Мына құжаттардың тіркеуін жүргізу тәртібі мен тіркеудің нысандары: кіріс және шығыс корреспонденциялардың _____
ордерлердің _____
заң көмегіне төленетін ақылардың _____
ақылы және ақысыз кеңестердің _____
ақылы және ақысыз құқықтық сипаттағы жазбаша құжаттардың _____
Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген статистикалық есептердің _____
адвокаттық іс жүргізулердің _____
25. Адвокаттар алқасына тиістілігі туралы адвокат кеңсесі маңдайшасының бар-жоғы _____
26. Заң көмегін көрсету туралы шарттар бланкілерінің «Адвокаттық қызмет туралы» Қазақстан Республикасы Заңы 5-бабының 1-тармағында белгіленген талаптарға сәйкестігі _____
27. Заң көмегін көрсету туралы шарттар бланкілерінде, мөрлер мен мөртаңбаларында адвокат кеңсесінің адвокаттар алқасына тиістілігі көрсетілуі _____
28. Адвокат кеңсесінің үй-жайы құрылтайшының (ортақ құрылтайшының) меншігі болып табылады немесе жалға алынады _____
29. Адвокат кеңсесінің үй-жайында Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тегін заң көмегін ала алатын азаматтар мен істер санаттары туралы ақпараттың бары-жоғы _____
30. Адвокаттардың саны _____
31. Жеке еңбек шарты бойынша жұмыс атқаратын тұлғалардың саны _____
32. Жарнаманы қолдану және жарнамалардың үлгілері _____
33. Аттестаттау парағына тіркелген материалдар тізімі: _____

34. Қорытындылар _____

35. Аттестаттау парағының мазмұнымен таныстым, аттестаттауды _____ тілінде өтуді қалаймын.

36. Аттестатталатын адвокаттың аттестаттау парағының мазмұны және онда жазылған қорытындылар жөніндегі пікірі _____

37. Аттестаттаудан өту нысаны:
әңгімелесу _____
тестілеу _____

тестілеудің түрі

38. Дауыс беру нәтижелері:
«аттестатталды» _____

дауыс сандары

«шартты аттесталды» _____

дауыс сандары

«аттестатталмады» _____

дауыс сандары

39. Аттестаттау комиссиясының шешімі _____

40. Аттестаттау комиссиясының ұсыныстары _____

Аттестаттау комиссиясының төрағасы _____

аты-жөні, қолы

Аттестаттау комиссиясының мүшелері _____

аты-жөні, қолдары

адвокаттар алқасының атауы

**Кәсіби қызметті заңды тұлға құрмай жеке-дара жүзеге асыратын
адвокаттың
АТТЕСТАТТАУ ПАРАҒЫ**

1. Адвокат _____
аты-жөні
 2. Туған күні, айы, жылы _____
 3. Туған жері _____
 4. Жеке басын куәландыратын құжат _____
нөмірі, берілген күні, кім берген
 5. Білімі _____
 6. Мамандығы _____
 7. Жалпы еңбек өтілі (*қай жылдан бастап, күні, айы*) _____
 8. Заңгерлік өтілі (*қай жылдан бастап, күні, айы*) _____
 9. Адвокаттық қызмет өтілі (*қай жылдан бастап, күні, айы*) _____
 10. Адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензиясы (*нөмірі және берілген күні*) _____
 11. Адвокаттар алқасына мүше болып кірген күні, айы, жылы _____
 12. Үйінің адресі, телефонының нөмірі _____
 13. Адвокаттың қысқаша мінездемесі _____
-
14. Бұқаралық ақпарат құралдарымен қарым-қатынастары, сондай-ақ ғылыми, педагогикалық және қоғамдық-ағарту қызметі жөнінде мағлұматтар _____
-
15. Алып тасталмаған тәртіптік жауапкершілігі: негіздері мен түрлері _____
-
16. Берешегі:
бастапқы нысаналы жарна бойынша _____
сомасы мен мерзімі
ай сайынғы мүшелік жарна бойынша _____
сомасы мен мерзімі
-
17. Аттестаттау мерзімдегі көтермелеулер _____

18. Адвокаттың қызметтік үй-жайы «Адвокаттық қызмет туралы» Қазақстан Республикасы Заңы 19-бабының үшінші абзацында белгіленген талаптарға сәйкестігі және оның заңды мекенжайы _____

19. Қызметтік үй-жайы адвокаттың жеке меншігі болып табылады немесе жалға алынады _____

20. Адвокат мөрлерінің, бұрыштамаларының, бланкілерінің және мекен-жай маңдайшасының Қазақстан Республикасының тіл туралы заңнамасына сәйкестігі _____

21. Адвокаттың үй-жайында Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тегін заң көмегін ала алатын азаматтар және істер санаттары туралы ақпараттың болуы _____

22. Қаржы құжаттарының есепке алынуы _____

23. Қаржы құжаттарының есебін жүргізуге жауапты тұлға (*қажеттісінің астын сызу керек*):

штаттық бухгалтер

келісім бойынша бухгалтер

адвокаттың өзі.

24. Мына құжаттардың тіркеуін жүргізу тәртібі және тіркеу нысандары:

кіріс және шығыс корреспонденциялардың _____
ордерлердің _____

заң көмегіне төленетін ақылардың _____

ақылы және ақысыз кеңестердің _____

ақылы және ақысыз құқықтық сипаттағы жазбаша құжаттардың _____

Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген адвокаттардың қызметі туралы статистикалық есептердің _____

адвокаттық іс жүргізулердің _____

25. Адвокаттық қызметін ұйымдастыру нысаны көрестілген адвокаттар алқасына тиістілігі туралы адвокаттың үй-жайы маңдайшасының болуы _____

26. Заң көмегін көрсету туралы шарттар бланкілерінің «Адвокаттық қызмет туралы» Қазақстан Республикасы Заңы 5-бабының 1-тармағында белгіленген талаптарға сәйкестігі _____

27. Заң көмегін көрсету туралы шарттар бланкілерінде, мөрлер мен мөртаңбаларында адвокаттың адвокаттар алқасына тиістілігі көрсетілуі _____

28. Жеке еңбек шарты бойынша жұмыс атқаратын тұлғалардың саны _____

29. Жарнама қолдану және жарнамалардың үлгілері _____

30. Аттестаттау парағына тіркелген материалдар тізімі: _____

31. Қорытындылар _____

32. Аттестаттау парағының мазмұнымен таныстым, аттестаттауды _____ тілінде өтуді қалаймын.

33. Аттестатталатын адвокаттың аттестаттау парағының мазмұны және онда жазылған қорытындылар жөніндегі пікірі _____

34. Аттестаттаудан өту нысанасы:
әңгімелесу _____
тестілеу _____

тестілеудің түрі

35. Дауыс беру нәтижелері:
«аттестатталды» _____

дауыс сандары

«шартты аттестатталды» _____

дауыс сандары

аттестатталмады» _____

дауыс сандары

36. Аттестаттау комиссиясының шешімі _____

37. Аттестаттау комиссиясының ұсыныстары _____

Аттестаттау комиссиясының төрағасы _____

аты-жөні, қолы

Аттестаттау комиссиясының мүшелері _____

аты-жөні, қолдары

2014 жылғы 26 қыркүйектегі
Адвокаттар алқалары делегаттарының
екінші республикалық конференциясы бекіткен
Адвокаттарды аттестаттауды
өткізу тәртібі туралы Ережеге
4- қосымша

**Адвокаттың аттестаттауды өту тәртібін бұзғаны туралы
Акт**

_____ 202__ ж. ____ с. ____ мин.
елді мекеннің атауы

Аттестаттау комиссиясының мүшелері _____

_____ *аты-жөні*

және тестілеудің операторы (*тестілеуді компьютерлік бағдарламаны қолдану арқылы өткізген жағдайда толтырылады*) _____

_____ *аты-жөні*

Адвокаттарды аттестаттауды өткізу тәртібі туралы Ереженің 23-тармағының талабын адвокат _____

_____ *аты-жөні*

бұзғанын анықтады: _____

_____ *бұзушылықтың қысқаша сипаттамасы*

Аттестаттау комиссиясының мүшелері: _____

_____ *аты-жөні, қолы*

Тестілеу операторы _____

_____ *аты-жөні, қолы*

Актімен таныстым: _____

_____ *адвокаттың аты-жөні, қолы*

Адвокат актіге қол қоюдан бас тартқан жағдайда тиісті жазба енгізіледі

_____ *актіні құрастырған тұлғалардың аты-жөні, қолдары*

**Аттестаттау комиссиясының аттестаттау қорытындысы туралы
Есебі**

_____ (елді мекеннің атауы)

_____ (құрастырылған күні)

Аттестаттау комиссиясының құрамы _____

Аттестаттау комиссиясының отырыстарын жүргізу мерзімдері мен күндері

Аттестаттауға жататын адвокаттың жалпы саны _____

Аттестаттауға келген адвокаттардың саны _____

Адвокаттар алқасының төралқасы белгілеген мерзімде аттестаттауға келмеген
адвокаттардың саны жәнеаты-жөні _____

Аттестаттау комиссиясының мыналар көрсетілген шешімдері:

- 1) аттестатталған адвокаттардың саны _____
- 2) шартты түрде аттестатталған адвокаттардың саны _____
- 3) аттестатталмаған адвокаттардың саны _____

Адвокаттардың кәсіби деңгейін көтеру жөнінде жұмысты ұйымдастыру
бойынша жалпы ұсыныстар _____

Шартты түрде аттестаттау туралы шешім қабылданған әрбір адвокатқа қатысты
ұсыныстар _____

Аттестаттау комиссиясының қалауы бойынша басқа мағлұматтар _____

Аттестаттау комиссиясының төрағасы _____

аты-жөні, қолы

Аттестаттау комиссиясының хатшысы _____